




**ТУҒАН ӨЛКЕ
– ТҰНҒАН
ТАРИХ**



**Ақындар өткен бұл жерде,
Жүректі жырмен емдеген.
Анасын әнмен жұбатып,
Баласын күймен бертеген.
Батырлар өткен бұл жерде,
Дұшпанын жеңбеу
келмеген.
Ереулі атқа ер салмай
Ел үшін ұйқы көрмеген**


ДОҒАЛАҢ - деген сөздің

мағынасы:

**қыз баланы ұзатылуға
таяғанда Отбасылық өмірге
үйрету үшін отау
ретінде бөлек шығаратын
үй. Қазіргі заманда бұл
қалып бара жатқан
салтымыздың бірі.**



Доғалаң ауылының картасы



Қазақ халқы тау мен даланы мекен етіп көшпелі өмір өткізгендіктен, жылдың төрт мезгілінде ұлы даланы мекен еткен.

Сондықтан қазақ жері атаусыз қалмаған. Жердің, елдің аты болған. Жердің формасына, жануарлар мен өсімдігіне, түр-түске, мекендеп қоныс еткен адамдардың есімдерімен аталған.

Бұл шағын ізденіс еңбекте кеңес өкіметінің өз саясатына тәуелді ауыл, елді мекендердің аталуы да заңды өзгерістерге ұшырайды. Мысалы, Калинин ауыл советі, Молотов колхозы болып аталса, тәуелсіздік алғаннан кейін ол жерлердің бұрынғы атын сақтап қалуы мүмкін емес, бұл қоғамдық өзгеріске сай жаңаланып отырады.

Қазіргі кезде орысша аталып кеткен ауылымыздың жер-су атауларының түпкі шығу тарихымен келесі ұрпақты таныстыру. Туған ел мен жерге деген сүйіспеншілікті арқау етіп, еліміздің келешегі үшін ата-бабадан қалған мұраны қастерлеу. Бұл анықтаманы берген кей адамдар қазір арамызда жоқ. Ал оны жазып алған оқушылар қазір үлкен оқу орындарында, кейбірі еңбекке араласып жүр.



• Dogalan

© 2013 Google

© 2013 Cnes/Spot Image

Google earth

49°21'14.50" N 76°58'43.10" E elev 850 m eye alt 1.82 km



Ауыл көрінісі



Мектеп –кеме, білім - теңіз

2010-08-24



Ауыл әкімшілігі



Ауыл мешіті



Дені саудың – жаны сау!

ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ



Ауылымыздың жергілікті тұрғыны, зейнеткер Мұқанов Қарақан ағаның айтуы бойынша жазылып алынды.

«Төртжал». Төртжалдың төрт тауы бар. Артында - бір тауы, алдында - бір тауы, екі жағында - екі тауы бар. Сондықтан «Төртжал» деп қойған. Оң жақтағы жалда «Найман бұлақ» деген бұлақ бар. Ол Айнабұлақтан келеді де, Қосайға құяды.

Қосайдан барып Ақжарыққа құяды, содан төмен қарай ағып кете береді. Сол жақтағы жалда тоғайы бар «Қосай» деген бұлақ бар. Алдыңғы жалда, жолдың жиегінде «Бошан түлкі» деген бұлақ бар. Ол жердің түлкісі қалың болған. Қазір апан сияқты. Ол жақта мынадай аңдар мекендейді. Құстардан құр, шіл кездеседі.

Табиғат байлығы мол: итмұрын, бүлдірген, арша, тобылғы өседі. Таулардың арасында шілік бар, ол жерде су ағып жатады. Қияқ шөптер өседі: жайқияқ, сиыр қияқ. Олар ұзын болып өседі. Сиыр қияқты жылқы, сиыр, қой, ешкі жейді. Ол жердің шөбі шүйгін мал өсіруге қолайлы. Қыста тауды қар баспайтындықтан, малдары шөптен қысылмай, тоқ шығады.



Анықтаманы Әзімхан Исабаев немересі Алуа Исабаеваның сұрауы бойынша алынды.

«Қосай». Шілде, тамыз - жылдың ыстық айлары, ақпан, қаңтар – жылдың суық айлары, ыстық болса жауын-шашын аз, егін, шөп қурайды, жайылым жоқтықтан мал жұтайды, егін шықпайды, мал азығы болмаған соң ақпан, қаңтарда мал жұтап өлім-жітім болады. Қазақ халқы осы екі айды қос ай деп атаған, осы екі айда туған баланың атын «Қосай» деп қойған. Қосай өсіп-өніп бір ауылдың иесі ретінде аталады. Қора-қопсы тау аты - Қосайдың атында қалып, «Қосай» қыстағы атанған.



Ауылымыздың тұрғыны Исабаев Әзімханның және Алжаппаров Болат ағалардың айтуы бойынша жазылды.

«Жұманши». Ғабиден Мұстафиннің Қарағанды романындағы Майқұдықтағы жылқысы көп әулетті, сәулетті адамдардың бірі - Игілік. Осы Игілік бай Қаракесектің ішіндегі Кешубай руының Жабас дегенімен құда болып, Жабасқа Нұрадан жайлау бергенде, Игілікке қыстама ретінде Жұман қоныстанып отырған жазықты береді. Жұман - Жабастың інісі. Шөбі шүйгін, малға жұғымды, қары жұмсақ, жайылымы кең, шиі қалың болған. Мал семіріп өсіп өнген, берекелі болғандықтан, малға қыдыр дарып 2 қос, екі мың жылқы қаулап өскен.

Жұман ауылының шиіндегі малы қаулап өскендіктен, Игілік бай риза болып, Жұман-ау сенің бір түп шиіңнен өскен мал шидей қаулауы құдалығың, жақындығың берекелі жеріңе «Жұманши» деп ат қойдым. Жерің осы атауда қалсын деген екен. Сол адамның айтуы бойынша солай аталып кетсе керек.





**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**